

## "Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Атырау облысы Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 67 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8)-тармақшасына, 124-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Қызылқоға ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны ресми жарияладп үшін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдасын;

2) осы қаулыны Қызылқоға ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Қызылқоға ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 86 "Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесінің Ережесіне өзгерістер енгізу туралы" қаулысы жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылқоға ауданының әкімі

Н. Бисембиев

Қызылқоға ауданы әкімдігінің  
2022 жылғы "27" сәуірдегі № 67  
қаулысымен бекітілген қосымша

"Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-мекеме) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын және бюджетін жоспарлау, бюджетін атқару және коммуналдық меншігін басқару бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер салаларына басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдардарында шоттары болады.

5. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық - құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 060500 Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосы, Абай Құнанбаев көшесі, 4.

10. Осы Ереже Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөліміне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер

Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2. Мемлекеттік органдардың мақсаттары мен өкілеттіліктері

### 13. Мақсаты:

1) Ауданың тұрақты экономикалық өсуіне және бәсекелестік қабілетінің сапалы жаңа деңгейіне жетуіне себеп болатын, әлеуметтік – экономикалық саясатты жүзеге асыру, бюджеттік қаражатты жоспарлау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету.

2) Тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету.

3) Ауданың коммуналдық меншігін тиімді басқару.

### 14. Өкілеттіктері:

#### Құқықтары:

1) аудандық әкімдігіне ауданың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу;

2) аймақтың даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

3) өз құзыреті шегінде аудандық бюджетті жоспарлау және атқару.

4) аудандық коммуналдық мұліктерін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ұсыныстар енгізу;

5) аудандық коммуналдық мұліктерінің мақсатты және тиімді пайдалануына, сақталуына, сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелердің орындалуына, жекешелендіру бойынша сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуына бақылау жүргізу;

6) Қазақстан Республикасына тиесілі акцияларға дивидендердің уақытылы және толық есептелуіне және олардың төленуіне, сондай-ақ жарғылық капиталдарға қатысу үлесі Қазақстан Республикасына тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушылары арасында табыстың бөлінуіне бақылау жүргізу;

7) өз құзыреті шегінде аймақтың даму бағдарламасын және ауданың өзге де салалық бағдарламаларын және бюджеттің түзету және нақтылау бойынша ұсыныстар енгізу;

8) бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы пайдалану бойынша түсіндірuler мен түсінікtemелер беру;

9) Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінде және мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен қызметкерлерді көтермелу, оларға тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

10) мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан және өзге де тұлғалардан заңнамада белгіленген тәртіппен бөлімге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратпен материалдарды сұрату, алу және беру;

11) сараптамалар мен консультациялар жүргізу үшін мемлекеттік атқарушы органдардың мамандарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды тарту;

12) өз күзыреті шегінде ақпараттық – талдау материалдарын дайындау және оларды мемлекеттік органдарға ұсыну;

13) бөлімнің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, мәлімдемелері мен шағымдарын Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен қарau;

14) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бөлімнің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында сотқа жүгіну, талап арыз беру;

15) жеке және заңды тұлғалармен аудандық коммуналдық мүлікті сатып алу-сату, сенімгерлік басқаруға беру, мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру, уақытша өтеусіз пайдалануға (орналастыруға) беру шарттарын жасау;

16) заңнамаға сәйкес аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу;

17) аудандық коммуналдық мүлікті иелену, пайдалану және билік ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы соттарында мемлекеттің мұддесін білдіру;

18) аудандық коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару (концессиялар) шарттарына сәйкес сенімгерлік басқарушылардың (концессионерлер) өз міндеттерін орындауы мәселесі жөнінде тындаулар өткізу;

19) аудандық коммуналдық мүліктің ұрлығы және оны пайдалануға байланысты өзге де құқық бұзушылықтардың анықталған деректері бойынша материалдарды тергеу органдарына жолдау;

20) тиісті үекілетті органның сұрау салуы бойынша өзінің ақпараттық жүйелерінен мәліметтерді Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалған тәртіппен беру;

21) құпиялық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, бақылау обьектілерінің бақылау іс-шарасы мәселелеріне қатысты құжаттамасымен кідіріссіз танысу;

22) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттер атқару.

Міндеттері:

1) ауданың әлеуметтік экономикалық дамуының негізгі басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін жоспарлау және талдау;

2) тиісті әкімшілік - аумақтың бірлігінде бюджеттік жоспарлау;

3) тиісті әкімшілік – аумақтың бірлігінде бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру;

4) аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

5) жоспарлау, бюджеттің атқарылуы, бухгалтерлік, бюджеттік, қаржылық есеп және аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы басшылық және салааралық үйлестіру;

6) занамамен жүктелген өзге де міндеттер.

## 15. Функциялары:

1) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу;

2) аумақтың даму бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

3) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамы көрсеткіштерін мониторингілеу және талдау;

4) аумақтың даму бағдарламасының орындалысына мониторинг және талдау жүргізу;

5) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижелері және аумақтың даму бағдарламасының орындалу барысы туралы талдамалы ақпаратты дайындау;

6) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының қызметін функционалдық талдау;

7) ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер ауылдық округтер әкімдері аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұйымдастыру;

8) тиісті жоспарлы кезеңге аудандық бюджет, бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы аудандық мәслихаттың шешімдері жобаларын әзірлеу және оларды аудандық әкімдігінің қарауына ұсыну;

9) аудандық әкімдігінің аудандық бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы, аудандық әкімдігінің тиісті қаржы жылына арналған аудандық бюджеті туралы аудандық мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулыларының жобаларын әзірлеу;

10) бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарau және оларға қорытындылар дайындау;

11) әлеуметтік – экономикалық даму болжамын ескере отырып, аудандық бюджетке бірыңғай бюджеттік сыныптарманың санаттары, сыныптары мен кіші сыныптары бойынша түсімдерді болжау;

12) басым аудандық бюджеттік инвестициялардың тізбесін қалыптастыру;

13) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

14) занды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекет қатысуы арқылы бюджеттік инвестиацияларды жүзеге асыру туралы бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қаржылық-экономикалық негізdemelerіне қорытынды беру және оларды бағалауды жүзеге асыру;

15) аудандық бюджеттік инвестиациялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негізdemelerді әзірлеу және түзету бойынша қорытындылар дайындау, сондай-ақ ұсыныстар енгізу,

сараптамалар жүргізу және консультациялық сүйемелдеу бойынша қызметтерді жүзеге асыру;

- 16) аудандық бюджет комиссиясының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- 17) аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бағдарламалар жобаларында ұсынылған нәтижелік және тиімділік көрсеткіштерін аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі функцияларына, өкілеттіктеріне, бағыттарына сәйкестігі мәніне қарау;
- 18) бюджеттік қаржыландыру көлемімен қамтамасыз етілу бөлігінде аумақтың даму және салалық бағдарламаларын келісуді жүзеге асыру;
- 19) аудандық бюджетті нақтылау (түзету) және секвестрлеу бойынша ұсыныстар енгізу;
- 20) бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылық және салааралық үйлестіру;
- 21) аудандық бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру және бюджеттің атқарылуы жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін үйлестіру;
- 22) бюджеттік мониторингті жүзеге асыру;
- 23) бюджеттің атқарылуы туралы талдамалы ақпаратты дайындау;
- 24) бюджеттік ақшаны басқаруды жүзеге асыру;
- 25) аудандық бюджеттің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау, бекіту және жүргізу;
- 26) жылдық сомаларды қоса алғанда, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 27) бюджеттік кредиттерді беру, олардың мониторингін және қайтарылуын қамтамасыз ету;
- 28) жергілікті атқарушы органның борыштарын алу, пайдалану, өтеу және қызмет көрсету мониторингін жүзеге асыру;
- 29) бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау жүргізу үшін ақпараттар дайындау және ұсыну;
- 30) жергілікті атқарушы органның резервінен қаражат бөлу туралы аудандық әкімдігінің қаулыларының жобаларына қорытындылар дайындау;
- 31) аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіруге дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 32) аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 33) аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) және уақытша өтеусіз пайдалануға (орналастыруға) беру;
- 34) аудандық коммуналдық мүлікті, оның ішінде коммуналдық кәсіпорындардың және жергілікті атқарушы орган қатысатын занды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүргізу;
- 35) аудандық коммуналдық мүлікті сенімгерлік басқаруға беру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

36) аудандық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті және дебиторлық берешекті есептен шығаруға немесе беруге келісім беру;

37) жекеленген негіздер бойынша аудандық коммуналдық меншікке айналдырылған (тұсken) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

38) тиісті саланың уәкілетті органына аудандық коммуналдық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруына келісім беру;

39) аудандық коммуналдық мүлік мәселелері бойынша мемлекет мүдделерін білдіру және мүліктік құқықтарын қорғау;

40) аудандық коммуналдық мүлік мәселелері бойынша мемлекет мүдделерін білдіру және мүліктік құқықтарын қорғау;

41) Қазақстан Республикасына тиесілі акцияларға дивидендердің уақытылы және толық есептелуіне және олардың төленуіне, сондай-ақ жарғылық капиталдарға қатысу үлесі Қазақстан Республикасына тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушылары арасында таза табыстың бөлінуіне бақылауды жүзеге асыру;

42) мемлекеттік мүлік тізілімінде мемлекеттік мүліктің бірыңғай есепке алынын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және ұйымдастыру, сондай-ақ оны қалыптастыруға және жүргізуге арналған шығыстарды қаржыландыру;

43) аудандық коммуналдық мүліктің пайдалануына және сақталуына, сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелердің орындалуына, жекешелендіру бойынша сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуына бақылау жүргізу;

44) мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың аудандық коммуналдық меншікке берілетін мүлкі жөнінде сыйға тарту шартын жасау туралы шешімді қабылдауға қатынасұу;

45) аудандық коммуналдық мүліктің нысаналы пайдалануын бақылаудың нәтижелерімен анықталған, аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың артық, не мақсатқа сай пайдаланылмаған мүлікті алып қою бойынша ұсыныстар беру;

46) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген жағдайлар мен шарттарды ауданның коммуналдық меншігіне алынатын мүлік үшін өтемді төлеуді жүзеге асыру;

47) бюджеттік есеп пен есептілікті жүргізу;

48) есепті қаржы жылындағы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және аудандық әкімдігіне, бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті органға және мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына ұсыну, есепті қаржы жылындағы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларында қарau кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз ету;

49) ай сайын аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және аудандық әкімдігіне, бюджетті атқару жөніндегі облыстық уәкілетті органға, ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті органға, тексеру комиссиясына ұсыну;

50) аудандық бюджет бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) өткізуден түсेतін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақшаның түсі мен жұмсалуы туралы есептерді жасау;

51) аудандық бюджеттің кредиторлық және дебиторлық берешектері туралы есептер жасау;

52) аудандық бюджеттің атқарылуы бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау және ұсыну;

53) мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға рұқсат және өтінім беру;

54) аудандық бюджеттің атқарылуы, коммуналдық мүлікті басқару, бухгалтерлік және бюджеттік есепке алу, қаржылық және бюджеттік есептілік саласындағы басшылық және салааралық үйлестіру;

55) мемлекеттік жоспарлау жүйесі, мемлекеттік қаржы, мемлекеттік мүлікті басқару, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүргізу, бюджеттік есеп және есептілікті жүргізу саласындағы заңнамалардың қолдану тәжірибесін талдау және оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірлеу;

56) салық салу үшін жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке пайдаланылмайтын жылжымайтын объектілерін бағалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

57) заңнамамен жүктелген өзге де функциялар.

### **3. Мемлекеттік органдың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде басшылықты Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің бірінші басшысын Қызылқоға ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

18. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын мемлекеттік қызметшілері және қызметкерлері болады.

19. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өзінің мемлекеттік қызметшілерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындауды;

2) Бөлімде сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Бөлімнің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлімнің қызметкерлеріне көтермелеу, материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді, тәртіптік жаза қолданады;

5) Бөлім атынан шарттар жасасады, шарттарға, бөлім бойынша алынатын бүйрықтарға қол қояды;

6) Бөлімнің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) Мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда бөлімнің мұддесін білдіреді;

8) Бөлім жұмысының регламентін, аудан әкімінің шешімімен бекітілген штат санының лимиті шегінде бөлімнің штаттық кестесін, сәйкесті жылға арналған қаржыландыру жоспарын бекітеді;

9) Өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10) Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

#### **4. Мемлекеттік органның мулкі**

20. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірстерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында түрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

21. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК